Әділет

# Мемлекеттік мекемелердің шоттарын ашудың, жүргізудің және жабудың ережесін бекіту туралы

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2007 жылғы 2 сәуірдегі N 100 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2007 жылғы 24 сәуірдегі Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 4627 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазастан Республикасы Қаржы министрінің 2009 жылғы 2 наурыздағы N 94 Бұйрығымен.

Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2009.03.02 N 94 Бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 61, 88, 90-баптарына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік мекемелердің шоттарын ашудың, жүргізудің және жабудың ережесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің мынадай бұйрықтары күші жойылды деп танылсын:

1) "Мемлекеттік мекемелердің шоттарын ашудың, жүргізудің және жабудың ережесін бекіту туралы" 2004 жылғы 14 желтоқсандағы N 447 бұйрығы ( нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2005 жылы 7 қаңтарда N 3333 тіркелген, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік-құқықтық актілері Бюллетенінде жарияланған, 2005 ж., N 17, 135-құжат);

2) Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2006 жылғы 28 ақпандағы N 67 "2004 жылғы 14 желтоқсандағы "Мемлекеттік мекемелердің шоттарын ашудың, жүргізудің және жабудың ережесін бекіту туралы" N 447 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" бұйрығы (нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2006 жылы 13 наурызда N 4119 тіркелген, 2006 жылғы 2 маусымда N 99-100 (1079-1080) Заң газетінде жарияланған);

3) "Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде ашылған мемлекеттік сыртқы займдар мен гранттар қаражаты есебінен қаржыландырылатын инвестициялық жобалардың Арнайы шоттары бойынша бекіту туралы" 2001 жылғы 20 наурыздағы N 149 (нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2001 жылы 26 сәуірде N 1480 тіркелген).

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің Қазынашылық

комитеті (Шаженова Д.М.) заңнамада белгіленген тәртіппен осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және оның ресми бұқаралық ақпарат құралдарында кейінгі жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрық оны алғашқы ресми жариялаған күннен бастап күшіне енеді.

*Министр*

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2007 жылғы 2 сәуірдегі N 100 бұйрығымен бекітілген

## Мемлекеттік мекемелердің шоттарын ашудың, жүргізудің және жабудың ережесі 1-бөлім. Жалпы ережелер

1. Осы Мемлекеттік мекемелердің шоттарын ашудың, жүргізудің және жабудың ережесі (бұдан әрі - Ереже) мемлекеттік мекемелердің қолма-қол ақшаны бақылау шоттарын (бұдан әрі - ҚБШ) және шоттарын ашудың, жүргізудің және жабудың тәртібін белгілейді:

1) мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер мен олар бойынша жүргізілген төлемдер бойынша операцияларды есепке алу үшін ҚБШ (бұдан әрі - ақылы қызметтер бойынша ҚБШ);

2) мемлекеттік мекемелерге демеушілік, қайырымдылық көмектен түсетін түсімдер және олардың есебінен жүргізілген төлемдер бойынша операцияларды есепке алу үшін ҚБШ (бұдан әрі - демеушілік, қайырымдылық көмектен түсетін ҚБШ);

3) жеке немесе заңды тұлғаның мемлекеттік мекемеге алғашқы талап ету бойынша немесе қандай да бір мерзімнен кейін толық немесе бөліп-бөліп, алдын ала келісілген үстемесімен не онсыз, тікелей жеке немесе заңды тұлға қайтаруға не тиісті республикалық немесе жергілікті бюджеттерге берілуге тиіс болу-болмауына қарамастан, оларды номиналды түрінде қайтару талаптарымен беретін ақша бойынша операцияларды есепке алу үшін ҚБШ (бұдан әрі - жеке және заңды тұлғалардың ақшасын уақытша орналастыру ҚБШ);

4) бюджеттік шот;

5) бюджеттік инвестициялық жобаның немесе бағдарламаның арнайы шоты;

6) бюджеттік инвестициялық жобаның немесе бағдарламаның арнайы шотына ұлттық валютамен төлемдерді жүзеге асыру үшін екінші деңгейдегі банктерде ашылған шот (бұдан әрі - бюджеттік инвестициялық жобаның немесе

бағдарламаның арнайы шотына арналған шот);

7) бюджеттік инвестициялық жобаның жаңартылатын шоты;

8) шетел валютасымен операциялар жүргізуге арналған шетел валютасындағы шот (бұдан әрі - шетел валютасындағы шот).

2. Екінші деңгейдегі банктерде ашылатын шоттарды қоспағанда, мемлекеттік мекемелердің ҚБШ мен шоттарын ашу және жабу Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитетінде (бұдан әрі - Қазынашылық комитеті) жүзеге асырылады.

3. Мемлекеттік мекемелердің құжаттар жинағын қалыптастыруды және мемлекеттік мекемелердің ҚБШ мен шоттарын жүргізуді Қазынашылық комитетінің аумақтық бөлімшелері (бұдан әрі - қазынашылықтың аумақтық бөлімшелері) жүзеге асырады.

4. Бюджет кодексінде көзделген жағдайларда мемлекеттік мекемелердің шоттары екінші деңгейдегі банктерде ашылуы мүмкін.

Мемлекеттік мекемелердің шоттарын екінші деңгейдегі банктерде ашу осы Ережеде белгіленген тәртіппен берілетін рұқсаттың негізінде Қазақстан Республикасының банк заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

## 2-тарау. Мемлекеттік мекемелердің қолма-қол ақшасының бақылау шоттарын және шоттарын ашу

5. Республикалық бюджеттің, облыстық бюджеттердің, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттердің ҚБШ бойынша операциялары мемлекеттік мекемелердің бюджеттік шоттары бойынша жүзеге асырылады.

6. Мемлекеттік мекемелердің бюджеттік шоттары - бірыңғай бюджеттік сыныптама (бұдан әрі - ББС) кодтарының және мемлекеттік мекемелер кодтарының комбинациясы, олар бойынша бюджет қаражатының есебінен жүзеге асырылатын шығыстар бойынша операцияларды есепке алу жүзеге асырылады (бұдан әрі - мемлекеттік мекемелердің кодтары).

Мемлекеттік мекемелердің кодтарын Қазынашылық комитеті береді, бірінші үш белгі ББС-қа сәйкес бюджеттік бағдарлама әкімшісінің кодын білдіреді, келесі төрт белгі әр мемлекеттік мекеме үшін дербес болып табылады.

7. Республикалық бюджет қаражатының есебінен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге кодтарды беру үшін республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілері осы Ережеге 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік мекемелерге кодтар беруге арналған өтінімді Қазынашылық комитетіне табыс етеді.

Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге

кодтарды беру үшін жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері осы Ережеге 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік мекемелерге кодтарды беруге арналған өтінімді бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдарға жібереді.

Тиісті жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер бойынша бюджетті атқару жөніндегі жергілікті атқарушы органдар осы Ережеге 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік мекемелерге кодтарды беруге арналған өтінімді жасайды және қазынашылықтың аумақтық бөлімшелеріне жібереді.

8. Республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілері және бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар мемлекеттік мекемелерге кодтарды беруге арналған өтінімдерде көрсетілген деректемелердің дұрыстығын қамтамасыз етеді.

9. Қазынашылық комитеті мемлекеттік мекемелерге кодтарды беруге арналған өтінімдерді алған күннен бастап келесі жұмыс күнінен кешіктірмей кодтарды береді.

Қазынашылық комитеті республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге кодтарды берген күннен бастап келесі жұмыс күнінен кешіктірмей республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшісін берілген кодтар туралы электрондық түрдегі хатпен хабардар етеді.

Қазынашылықтың аумақтық бөлімшелері Қазынашылық комитетінен жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге кодтардың берілуі туралы хатты алған күннен бастап келесі жұмыс күнінен кешіктірмей бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдарды берілген кодтар туралы жазбаша хабардар етеді.

10. Қазынашылық комитеті мемлекеттік мекемелерге кодтар берілгеннен кейін мыналарды:

1) ақылы қызметтер бойынша ҚБШ-ны;

2) демеушілік, қайырымдылық көмектен түсетін ҚБШ-ны;

3) жеке және заңды тұлғалардың ақшасын уақытша орналастыру ҚБШ-ны;

4) шетел валютасындағы шоттарды ашуды жүзеге асырады.

Қазынашылық комитеті осы Ережеге 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша:

1) республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге, демеушілік, қайырымдылық көмектен түсетін, жеке және заңды тұлғалардың ақшасын уақытша орналастыру ҚБШ-ны ашуға;

2) республикалық және жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге шетел валютасындағы шоттарды ашуға рұқсаттар береді.

Жергілікті уәкілетті органдар жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын

мемлекеттік мекемелерге осы Ережеге 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша демеушілік, қайырымдылық көмектен түсетін, жеке және заңды тұлғалардың ақшасын уақытша орналастыру ҚБШ-ны ашуға рұқсаттар береді.

Ескерту. 10-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008.02.25 N 87 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

10-1. Жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің қолма-қол ақшаны бақылау шоттарын ашуға арналған өтінімдерді берілген рұқсаттың және мемлекеттік мекемелердің (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдері мен шығыстары жоспарларының негізінде бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар жасайды және осы Ережеге 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аумақтық қазынашылық бөлімшелеріне табыс етеді.

Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ақылы қызметтер бойынша ҚБШ-ны ашу үшін ақылы қызметтер бойынша ҚБШ-ны ашуға арналған өтінімдерді осы Ережеге 3-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аумақтық қазынашылық бөлімшелеріне табыс етеді.

Ескерту. 10-1-тармақпен толықтырылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008.02.25 N 87 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

11. Қазынашылық комитеті осы Ереженің 10-тармағында санамаланған ҚБШ-ны және шетел валютасындағы шоттарды мыналардан қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге:

республикалық бюджеттен, рұқсаттардың және аумақтық қазынашылық бөлімшелеріне табыс етілетін, ақылы қызметтер бойынша ҚБШ-ны ашуға арналған өтінімнің негізінде;

жергілікті бюджеттен, қазынашылықтың аумақтық бөлімшелеріне табыс етілетін, қолма-қол ақшаны бақылау шоттарын ашуға арналған өтінімдердің негізінде ашуды жүзеге асырады.

Ескерту. 11-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008.02.25 N 87 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

12. Республикалық және жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге ақылы қызметтер бойынша ҚБШ-ны ашу мемлекеттік мекеменің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсетін өз иелігінде қалатын ақша түсімдері мен шығыстары жоспарының негізінде жүзеге асырылады. Мемлекеттік мекеменің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсетін өз иелігінде қалатын ақша түсімдері мен шығыстарының жоспары бекітілген қаржы жылы аяқталғаннан кейін ақылы

қызметтер бойынша ҚБШ жабылмайды және осы Ереженің 43-тармағында көзделген жағдайлардың пайда болуына дейін қолданылады.

13. Рұқсаттарды Қазынашылық комитеті және бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті орган тиісті бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің қолдаухаты негізінде береді.

Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің қолдаухатында мыналар болуға тиіс:

мемлекеттік мекеменің атауы мен коды;

ашылуы талап етілетін ҚБШ атауы;

мемлекеттік мекеме қаржыландырылатын бюджеттің түрі;

мемлекеттік мекеменің орналасқан жері;

қаржыландыру көздері;

тармақшаның, тармақтың, баптың нөмірлерін көрсете отырып, қаржыландыру көздерін айқындайтын заңнамалық актінің атауы мен күні.

14. Шетел валютасындағы шоттарды ашуға берілетін рұқсаттарды алу үшін қолдаухатта Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 20 наурыздағы N 225 қаулысымен бекітілген Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылу ережесінің (бұдан әрі - республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылу ережесі) 212-тармағында көзделген мәліметтер болуға тиіс.

15. Республикалық және жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге шетел валютасындағы шоттарды ашуға берілетін рұқсаттарды валюта түрлері бойынша Қазынашылық комитеті береді. Рұқсаттар шығыстар бағытының мақсатын көрсете отырып, ағымдағы қаржы жылының соңына дейін осы Ережеге 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша беріледі.

16. Мемлекеттік мекеме шетел валютасындағы шотты ашуға берілетін рұқсатта көзделмеген шетел валютасындағы ақшаны есепке жатқызу мен жұмсау бойынша операцияларды жүргізу үшін бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің қолдаухаты негізінде осы Ережеге 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазынашылық комитеті береді.

Шетел валютасымен демеушілік, қайырымдылық көмектен түсетін түсімдерді шетел валютасындағы шотқа есепке жатқызғаннан кейін он күнтізбелік күннің ішінде мемлекеттік мекеме қайта айырбастауды және теңгемен алынған соманы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен демеушілік, қайырымдылық көмектен түсетін ҚБШ-ға есепке жатқызуды жүзеге асырады.

17. Шетел валютасында ашылған шоттың мерзімі аяқталғаннан кейін шетел валютасындағы шоттың қолданылуы бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің қолдаухаты негізінде осы Ережеге 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша рұқсаттың негізінде ұзартылады.

18. Мемлекеттік мекемелерге ҚБШ-ны ашуға рұқсаттар бір рет беріледі және олардың осы Ереженің 43-тармағында көзделген жағдайларда жабылуына дейін қолданылады.

19. Рұқсаттар үш данада ресімделеді және оларға қол қойылады, олардың екеуі кейіннен мемлекеттік мекемеге беру үшін тиісті бюджеттік бағдарламалар әкімшісіне жіберіледі, үшінші данасы Қазынашылық комитетінде немесе бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органда қалады.

20. Қазынашылық комитеті ҚБШ-ны ашуды:

республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге демеушілік, қайырымдылық көмектен түсетін, жеке және заңды тұлғалардың ақшасын уақытша орналастыру ҚБШ-ны ашуға рұқсат берілген күні және аумақтық қазынашылық бөлімшелерінен ақылы қызметтер бойынша ҚБШ-ны ашуға арналған өтінімдер түскен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде;

жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге аумақтық қазынашылық бөлімшелерінен қолма-қол ақшаны бақылау шоттарын ашуға арналған өтінімдер түскен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

Шетел валютасындағы шоттарды ашу рұқсат берілген күні жүзеге асырылады.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008.02.25 N 87 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

21. Мемлекеттік мекеменің атауы өзгерген жағдайда республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшісі не бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті орган осы Ережеге 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінім береді. Мемлекеттік мекеменің атауын өзгерткеннен кейін оған жаңа рұқсат беріледі, бұл ретте бұрын берілген шот өзгеріссіз қалады.

22. Қазынашылықтың аумақтық бөлімшелері оларды Қазынашылық комитеті ашқаннан кейін үш жұмыс күні ішінде тиісті салық қызметінің органдарын мемлекеттік мекемелердің ҚБШ-сы мен шоттары ашылуы туралы хабардар етеді.

Ескерту. 22-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008.02.25 N 87 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

## 3-тарау. Мемлекеттік мекеменің құжаттар жинағы. Қолтаңбалардың және мөр бедерінің үлгілерін ресімдеуге қойылатын талаптар

23. Мемлекеттік мекеменің құжаттар жинағын қалыптастыру үшін берілген код туралы хабарламаны алғаннан кейін мемлекеттік мекеме орналасқан жері бойынша қазынашылықтың аумақтық бөлімшесіне мынадай құжаттарды:

мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің көшірмесін;

мемлекеттік мекеме ережесінің (жарғысының) көшірмесін;

салық төлеуші куәлігінің көшірмесін (бұдан әрі - СТН);

рұқсатты;

қолтаңбалардың және мөр бедерінің үлгілерін;

мемлекеттік мекеме басшысын тағайындау және төлеуге берілетін шоттарға және/немесе азаматтық-құқықтық мәмілелерді тіркеуге арналған өтінімдерге және/немесе мемлекеттік мекемелердің азаматтық-құқықтық мәмілелерін (міндеттемелерді) тіркеуге туралы хабарламаларға және/немесе шарттарға және/немесе шетел валютасын айырбастауға және қайта айырбастауға арналған өтінімдерге және/немесе шетел валютасын аударуға арналған өтініштерге бірінші және екінші қол қою құқығы туралы бұйрықтардың көшірмелерін. Санамаланған құжаттарға бірінші қол қою құқығын басқа уәкілетті тұлғаларға берген жағдайда мемлекеттік мекеме басшысының төлеуге берілетін шоттарға және/немесе азаматтық-құқықтық мәмілелерді тіркеуге арналған өтінімдерге және/немесе мемлекеттік мекемелердің азаматтық-құқықтық мәмілелерін (міндеттемелерді) тіркеуге туралы хабарламаларға және/немесе шарттарға және/немесе шетел валютасын айырбастауға және қайта айырбастауға арналған өтінімдерге және/немесе шетел валютасын аударуға арналған өтініштерге бірінші қол қою құқығын басқа уәкілетті тұлғаларға беру туралы, сондай-ақ аумақтық қазынашылық бөлімшесіне құжаттарды беруге және құжаттарды алуға уәкілетті тұлғаны белгілеу туралы бұйрықтың (тардың) көшірмесін (лерін) табыс етеді.

Ескерту. 23-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008.02.25 N 87 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

24. Қолдардың және мөр бедерлерінің үлгілері осы Ережеге 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша екі данада мемлекеттік мекемелерге беріледі. Бір данасы мемлекеттік мекеменің құжаттар жинағында сақталады, екіншісін қазынашылықтың аумақтық бөлімшесі олардың негізінде шарттарды тіркеу, шетел валютасындағы ақшаны аудару, сондай-ақ бюджеттерге түскен артығымен төленген түсімдер сомасын қайтару және/немесе есептеу жүзеге асырылатын төлеуге берілген шоттардағы, шарт түріндегі азаматтық-құқықтық мәмілелердегі және басқа да құжаттардағы қолдар мен мөр бедерлерінің растығын тексеру үшін пайдаланады.

25. Құжаттарға қол қою құқығы мемлекеттік мекеме басшысының бұйрығы негізінде беріледі. Бірінші қол қою құқығына мемлекеттік мекеменің басшысы және/немесе онымен өзі уәкілеттік берген басқа да тұлғалар ие. Екінші қол қою құқығы бухгалтерлік есепке алуды жүргізу жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын мемлекеттік мекеменің құрылымдық бөлімшесінің басшысына және/ немесе бухгалтерлік есепке алуды жүргізу жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын мемлекеттік мекеменің басшысы уәкілеттік берген басқа да тұлғаларға беріледі.

26. Басшы шарттарға, азаматтық-құқықтық мәмілелерді тіркеуге арналған өтінімдерде, мемлекеттік мекемелердің азаматтық-құқықтық мәмілелерін ( міндеттемелерін) тіркеу туралы хабарламаларда, төлеуге берілген шоттарда, шетел валютасын айырбастауға және қайта айырбастауға берілген өтінімдерде, шетел валютасын аударуға арналған өтінімдерде және қаржыландырудың барлық көздері бойынша қол қою құқығын мемлекеттік мекеменің бір лауазымды тұлғаларға берген жағдайда, қолдар мен мөр бедерлерінің бір үлгісі ресімделеді.

Басшы осы тармақта санамаланған құжаттарға қол қою құқығын бірнеше лауазымды тұлғаларға берген жағдайда, қаржыландыру көздеріне байланысты, қолдар мен мөр бедерлерінің үлгілері қаржыландыру көздерінің бөлігінде әрбір уәкілетті тұлғаға жеке ресімделеді.

27. Мемлекеттік мекеменің қолдар мен мөр бедерлерінің үлгілері бюджеттік бағдарламалар әкімшісі басшысының немесе ол уәкілеттік берген тұлғаның қолымен расталады және бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің елтаңбалы мөрінің бедерімен бекітіледі не нотариалды расталады.

28. Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің қолдар мен мөр бедерлерінің үлгісі нотариалды расталады.

29. Қолдар мен мөр бедерлерінің үлгісі жұмыс істеу мерзімін (30 күнтізбелік күннен артық емес) көрсете отырып, елтаңбалы мөрінің бедерінсіз ресімделеді:

1) жаңадан құрылған мемлекеттік мекемелерге елтаңбалы мөрін жасау уақытында;

2) мемлекеттік мекеменің атауының өзгеруіне, елтаңбалы мөрдің ескіруіне не жоғалуына байланысты елтаңбалы мөрді жасау уақытында.

Мемлекеттік мекеменің елтаңбалы мөр бедерісіз құжаттарды беруіне тек елтаңбалы мөр бедерісіз қолдар мен мөр бедерлері үлгілерінің жұмыс істеу мерзімі ішінде ғана рұқсат беріледі.

30. Қазынашылықтың аумақтық бөлімшесіне қолдар мен мөр бедерлерінің жаңа үлгісі мынадай жағдайларда беріледі:

1) қол қою құқығы берілген тұлғалардың жұмыстан босатылуына байланысты бірінші және/немесе екінші қол қою өзгергенде;

2) жұмыс істеу мерзімін көрсете отырып, бірінші және/немесе екінші қол қою

құқығы басқа тұлғаларға берілгенде немесе уақытша еңбекке жарамсыздығына, іссапарға кетуіне, уақытша сипатқа ие басқа да себептерге байланысты қол қою құқығы бар тұлғалардың болмауына орай бірінші және/немесе екінші қол қою құқығы толықтырылғанда;

Қолдар мен мөр бедерлерінің уақытша қолдану мерзімі бар жаңа үлгісі берілгенге дейін ресімделген қолдар мен мөр бедерлерінің үлгілері уақытша еңбекке жарамсыздығына, іссапарға-жіберілуіне, уақытша сипатқа ие басқа да себептерге байланысты ресімделген қолдар мен мөр бедерлері үлгісінің қолданылу мерзімі өткеннен кейін қолданылуын жалғастырады;

3) ҚБШ және/немесе мемлекеттік мекемеге ашылған шоттар жабылғанда ( қолдар мен мөр бедерлерінің бір үлгісі ресімделген жағдайда);

4) осы Ереженің 29-тармағында көзделген жағдайларда елтаңбалы мөрді жасағанда;

5) мемлекеттік мекеменің атауы өзгергенде;

6) мемлекеттік мекеменің орналасқан жері өзгергенде.

Ескерту. 30-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008.02.25 N 87 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

31. Қолдар мен мөр бедерлерінің жаңа үлгісі:

1) осы Ереженің 30-тармағының 1), 2) тармақшаларында көзделген жағдайларда, мемлекеттік мекеме басшысының қол қою құқығына өкілеттік беру туралы бұйрығының көшірмесімен;

2) осы Ереженің 30-тармағының 5) тармақшасында көзделген жағдайларда, онымен мемлекеттік мекеменің атауы өзгертілген, мемлекеттік мекеменің ережесіне (жарғысына) өзгерістер енгізілген нормативтік құқықтық актілер көшірмелерімен, заңды тұлғаны қайта тіркеу туралы куәліктің нотариалды расталған көшірмесімен және мемлекеттік мекеменің өзгертілген атауы бар СТН көшірмесімен бірге беріледі.

Ескерту. 31-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008.02.25 N 87 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

32. Қазынашылықтың аумақтық бөлімшелері артық төленген түсімдер сомасын қайтару, түсімдердің бюджеттік сыныптамасының кодтары арасында, салық қызметі органдары арасында артық төленген түсімдерді есептеу (бұдан әрі - қайтарып алу және/немесе есептеу) жөніндегі операцияларды жүргізу үшін салық қызметі органдары не салық қызметі органдары әкімшілік жүргізбейтін, түсімдерге әкімшілік жүргізетін уәкілетті органдар қолдар мен мөр бедері үлгілерін береді. Қолдар мен мөр бедері үлгілерімен бірге салық қызметі органдары және уәкілетті органдар қазынашылықтың аумақтық бөлімшелеріне

қорытындылар мен төлем тапсырмаларында қол қою және қазынашылықтың аумақтық бөлімшесіне қайтарып алу және/немесе есептеу жөніндегі құжаттарды беру және одан құжаттар алу құқығы туралы бұйрықтардың көшірмелерін береді.

33. Қазынашылықтың аумақтық бөлімшелері ақылы қызметтер, демеушілік және қайырымдылық көмек пен жеке және заңды тұлғалардың ақшасын уақытша орналастыру жөніндегі ҚБШ бойынша, шетел валютасындағы шоттар бойынша операциялар жүргізу үшін мемлекеттік мекеме рұқсат пен қолдар және мөр бедерлерінің үлгілерін береді. Қолдар мен мөр бедерлері үлгілері осы тарауда көзделген тәртіппен ресімделеді және беріледі.

34. Қазынашылықтың аумақтық бөлімшесі ұсынылған құжаттарды толықтығына және осы тарауда белгіленген талаптарға сәйкес келуіне тексергеннен кейін тексерілген құжаттарды мемлекеттік мекеменің құжаттар жинағына тігіп қояды.

35. Әрбір мемлекеттік мекемеге мемлекеттік мекеменің бір құжаттар жинағы ресімделеді.

## 4-тарау. Қолма-қол ақшаның бақылау шоттарын және мемлекеттік мекемелер шоттарын жүргізу

36. ҚБШ және мемлекеттік мекемелер шоттарын жүргізу - қазынашылықтың аумақтық бөлімшелерінің Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылу ережесінде көзделген бюджеттерді атқару жөніндегі операцияларды жүргізуі, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген есептерді қалыптастыру және мемлекеттік мекемелерге беру.

37. Аумақтық қазынашылық бөлімшелері тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікке қарайтын мемлекеттік мекемелердің ҚБШ-сі мен мемлекеттік шоттарын жүргізуді жүзеге асырады.

Басқа әкімшілік-аумақтық бірлікке қарайтын мемлекеттік мекемелерге қызмет көрсететін аумақтық қазынашылық бөлімшесіне жақын іс жүзіндегі орналасқан жері бойынша мемлекеттік мекемелердің ҚБШ-сі мен шоттарын жүргізуге осы аумақтық қазынашылық бөлімшесінің келісімі бойынша Қазынашылық комитетінің жазбаша рұқсатымен жол беріледі.

Ескерту. 37-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008.02.25 N 87 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

38. Бюджет шоттарының, ақылы қызметтер жөніндегі ҚБШ, демеушілік, қайырымдылық көмек ҚБШ, жеке және заңды тұлғалардың ақшасын уақытша орналастыру ҚБШ, шетел валютасындағы шоттардың басқарушылары мемлекеттік мекемелер басшылары болып табылады.

39. Бір күнтізбелік жыл ішінде мемлекеттік мекемелердің ҚБШ-сі мен шоттары бойынша операциялар болмаған жағдайда аумақтық қазынашылық бөлімшелері мемлекеттік мекемелерді жабу қажеттігі туралы 30 жұмыс күнінің ішінде оларды хабардар етеді.

Ескерту. 39-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008.02.25 N 87 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

40. Алынып тасталды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008.02.25 N 87 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

41. Бір мемлекеттік мекеменің бюджет шотынан екінші мемлекеттік мекеменің бюджет шотына ақша аударуға жол берілмейді.

42. Қазынашылық комитеті ағымдағы қаржы жылының бірінші жұмыс күні ағымдағы қаржы жылының 1 қаңтарындағы жағдай бойынша пайдаланылмаған ақша қалдығын ақылы қызметтер жөніндегі ҚБШ-ға, демеушілік, қайырымдылық көмек ҚБШ-ға, жеке және заңды тұлғалардың ақшасын уақытша орналастыру ҚБШ-ға, ағымдағы қаржы жылының шетел валютасындағы шоттарға көшіруді жүзеге асырады.

Шетел валютасындағы шоттарда ағымдағы қаржы жылының 1 қаңтарындағы жағдай бойынша ағымдағы қаржы жылы аяқталғанға дейін жеті жұмыс күні ішінде демеушілік, қайырымдылық көмек түрінде түскен шетел валютасының болуына жол беріледі.

## 5-тарау. Қолма-қол ақшаның бақылау шоттарын және мемлекеттік мекемелер шоттарын жабу

43. Ақылы қызметтер жөніндегі ҚБШ, демеушілік, қайырымдылық көмек ҚБШ, жеке және заңды тұлғалардың ақшасын уақытша орналастыру ҚБШ, шетел валютасындағы шоттар мынадай жағдайларда жабылады:

1) мемлекеттік мекеме таратылған немесе қайта ұйымдастырылғанда;

2) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінен тиісті шотты ашуға рұқсат беруге негіз болып табылатын қаржыландыру көзі алып тасталынғанда;

3) бір күнтізбелік жыл ішінде ҚБШ мен шетел валютасындағы шоттар бойынша операциялар жүргізілмеген және олар бойынша қалдық болмаған кезде мемлекеттік мекеменің оларды жабуға өтініші болмағанда.

Ескерту. 43-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008.02.25 N 87 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

43-1. Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер кодтарының қолданылуын тоқтату үшін республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері Қазынашылық комитетіне осы Ережеге 6-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік мекеме кодтарының қолданылуын тоқтатуға өтінімді береді.

Жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер кодтарының қолданылуын тоқтату үшін, жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдарға осы Ережеге 6-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік мекеме кодтарының қолданылуын тоқтатуға өтінімді жібереді.

Бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті орган тиісті жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер бойынша осы Ережеге 6-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік мекемелер кодтарының қолданылуын тоқтатуға өтінімді қалыптастырады және аумақтық қазынашылық бөлімшелеріне жібереді.

Ескерту. 43-1-тармақпен толықтырылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008.02.25 N 87 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

44. ҚБШ және осы Ереженің 43-тармағында көзделген шетел валютасындағы шоттарды жабу үшін мемлекеттік мекеме қазынашылықтың аумақтық бөлімшесіне осы Ережеге 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш береді. Өтініш екі данада беріледі және Қазынашылық комитеті ҚБШ немесе шетел валютасындағы шоттарды жапқаннан кейін қазынашылықтың аумақтық бөлімшесі өтініштің бір данасы оны жабу туралы белгімен мемлекеттік мекемеге қайтарады.

43-тармақтың 3) тармақшасында көзделген жағдайда ҚБШ мен шетел валютасындағы шоттарды жабу осы Ереженің 39-тармақшасында көзделген аумақтық қазынашылық бөлімшесінің хабарламасында көрсетілген мерзім өткеннен кейін 3 жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 44-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008.02.25 N 87 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

45. Жабылатын ҚБШ-да немесе шетел валютасындағы шотта ақша қалдығы болған жағдайда, мемлекеттік мекеме жабылатын пайдаланылмаған ақша қалдығын аударуға төлеуге шот береді.

1) ақылы қызметтер жөніндегі ҚБШ:

құқықтық мирасқордың ақылы қызметтер жөніндегі ҚБШ-да - құқықтық мирасқор анықталған (бұл ретте, егер оған заң жүзінде оған ақы төлеу міндетті сипатқа ие емес және жеке немесе заңды тұлғамен келісім бойынша анықталатын

, олардың негізгі қызметіне жатпайтын тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан түсетін ақшаны басқару құқығы берілген) және ол бойынша қалдық есептелетін ақылы қызметтер түрлері болған жағдайда;

тиісті бюджет кірісіне мынадай жағдайда:

құқықтық мирасқор болмағанда;

ақылы қызметтер көрсетуден алынған ақшаны басқаруға заң жүзінде рұқсат берілмейтін құқықтық мирасқор анықталғанда;

құқықтық мирасқорда ол бойынша қалдық есептелетін тауарлардың ( жұмыстардың, қызметтердің) коды болмағанда;

2) демеушілік, қайырымдылық көмек ҚБШ:

құқықтық мирасқордың ҚБШ шотына;

құқықтық мирасқор болмаған жағдайда салымшыға;

құқықтық мирасқор мен салымшы болмаған жағдайда тиісті бюджет кірісіне;

3) жеке және заңды тұлғалардың ақшасын уақытша орналастыру ҚБШ:

салымшыға;

құқықтық мирасқордың жеке және заңды тұлғаларының ақшасын уақытша орналастыру ҚБШ-сі;

салымшыға қайтару мүмкіндігі болмаған жағдайда тиісті бюджет кірісіне;

4) шетел валютасындағы шотта - бюджет шоты бойынша жүргізілген кассалық шығыстарды кейін қалпына келтіре отырып шетел валютасының қалдығын қайта айырбастау жөніндегі рәсімдерді жүзеге асыру және/немесе айырбасталған валютаны демеушілік, қайырымдылық көмек ҚБШ-ға есептеу және/немесе уақытша орналастыру арқылы.

Ескерту. 45-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008.02.25 N 87 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

46. Қазынашылық комитеті жұмыс істейтін ҚБШ-ны, мемлекеттік мекеменің шотын жабуды нөлдік қалдық кезінде жүзеге асырылады.

47. Қазынашылықтың аумақтық бөлімшелері Қазынашылық комитеті оларды жапқан күннен бастап он жұмыс күні ішінде салық қызметінің тиісті органдарына ҚБШ-ны және мемлекеттік мекемелер шоттарын жабу туралы жазбаша хабарлайды.

## 6-тарау. Екінші деңгейдегі банктердегі мемлекеттік мекемелер шоттарын ашу және жабу

48. Бюджеттік инвестициялық жобаның немесе бағдарламаның арнайы шотын, бюджеттік инвестициялық жобаның немесе бағдарламаның арнайы шотына шот, бюджеттік инвестициялық жобаның қайтадан басталатын шотын

ашуға берілетін рұқсатты инвестициялық жоба немесе бағдарлама жөніндегі бюджеттік бағдарламалар әкімшісіне беріледі. Рұқсаттар осы Ережеге 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің қолдаухаты негізінде беріледі.

49. Бюджеттік инвестициялық жобаның немесе бағдарламаның арнайы шотын, бюджеттік инвестициялық жобаның немесе бағдарламаның арнайы шотына шоттар, бюджеттік инвестициялық жобаның қайтадан басталатын шотын ашуға рұқсат үш данада қалыптастырылады, оның екеуі бюджеттік бағдарламалар әкімшісіне беріледі.

50. Бюджеттік инвестициялық жобаның немесе бағдарламаның арнайы шотын, бюджеттік инвестициялық жобаның немесе бағдарламаның арнайы шотына шоттар ашуға рұқсат Қазақстан Республикасының Парламенті ратификациялаған үкіметтік сыртқы қарыз жөніндегі немесе байланысты гранттар жөніндегі келісімнің (бұдан әрі - қарыз/грант туралы келісім) қолданылу мерзіміне беріледі.

51. Бюджеттік инвестициялық жобаның қайтадан басталатын шотын ашуға рұқсат бюджеттік инвестициялық жобаны іске асыру кезеңіне беріледі.

52. Бюджеттік инвестициялық жобаның немесе бағдарламаның арнайы шоты қарыз/грант туралы келісімде сөз етілген шетел валютасында жүргізіледі.

Бюджеттік инвестициялық жобаның немесе бағдарламаның арнайы шотына шот қарыз/грант туралы келісімде сөз етілген валютада жүргізіледі.

Бюджеттік инвестициялық жобаның қайтадан басталатын шоты қарыз/грант туралы келісімде және кредит шартында сөз етілген шетел валютасында жүргізіледі.

Санамаланған шоттар ашылған жағдайда, мемлекеттік мекеме екінші деңгейдегі банкке шоттардың арнайы сипаты туралы ақпарат беруі тиіс.

53. Бюджеттік инвестициялық жобаның қайтадан басталатын шотына қарыз бойынша негізгі борышты өтеу есебіне түскен төлем сомасынан басқа қаражат есептеле алмайды.

54. Бюджеттік инвестициялық жобаның немесе бағдарламаның арнайы шотынан, бюджеттік инвестициялық жобаның немесе бағдарламаның арнайы шотына шотынан төлемдерді жүзеге асыру қарыз/грант беру туралы келісімде сөз етілген талаптарға және мақсаттарға қатаң сәйкестікте жүргізілуі тиіс.

55. Бюджеттік инвестициялық жобаның қайтадан басталатын шотынан қаражат алу кредит шартының талаптарында көзделген кредит қаражатын беруге жүргізілуі тиіс.

56. Бюджеттік инвестициялық жобаның немесе бағдарламаның арнайы шоты, бюджеттік инвестициялық жобаның немесе бағдарламаның арнайы шотына шот, бюджеттік инвестициялық жобаның қайтадан басталатын шоты бойынша шығыс

операцияларын тоқтату Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес банк шотындағы шығыс операцияларын тоқтату немесе банк шотындағы екінші деңгейдегі банк клиентінің ақшасын тұтқынға алу құқығына ие уәкілетті органдардың немесе лауазымды тұлғалардың тиісті шешімдері (қаулылары) негізінде жүргізіледі. Екінші деңгейдегі банк үш күндік мерзімде Қазынашылық комитетіне шығыс операцияларын тоқтатқаны туралы ақпарат береді.

57. Операцияны қайтадан бастау уәкілетті органдардың осы шоттардағы ақшаны тұтқындау немесе осы шоттардағы шығыс операцияларын тоқтату туралы шешімінің (қаулысының) күшін жою туралы тиісті жазбаша хабарламасының негізінде жүргізіледі.

58. Карт-шотты ашуға рұқсат жұмыс істеу мерзімі көрсетілместен беріледі және осы Ереженің 60-тармағының 1), 4)-6) тармақшаларында көзделген жағдайларда қайтарып алынады.

59. Екінші деңгейдегі банктерде ашылған мемлекеттік мекемелердің шоттарын жабуды екінші деңгейдегі банктер Қазынашылық комитеті шотты ашуға өзі берген рұқсатын қайтарып алған жағдайда немесе рұқсаттың жұмыс істеу мерзімі аяқталуына байланысты жүргізеді. Шоттарды жабу банк заңнамасында және екінші деңгейдегі банк пен мемлекеттік мекеме арасындағы банк шоты шартында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

60. Қазынашылық комитетінің (бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органның карт-шотты ашуға рұқсат берілген жағдайда) рұқсатты қайтарып алуы мынадай жағдайларда жүргізіледі:

1) мемлекеттік мекемені таратқан немесе қайта ұйымдастырған жағдайда;

2) қарыз/грант туралы келісімнің жұмыс істеу мерзімі аяқталғанда (бұл ретте, мемлекеттік мекеме шетел кредит берушіге/донорға келісімде көзделген рәсімдерге сәйкес бюджеттік инвестициялық жобаның немесе бағдарламаның арнайы шотынан үкіметтік сыртқы қарызды/грантты аванстау қаражатын жұмсау туралы есеп жіберуі, ал бюджеттік инвестициялық жобаның немесе бағдарламаның арнайы шотындағы, бюджеттік инвестициялық жобаның немесе бағдарламаның арнайы шотына шотындағы пайдаланылмаған қалдықты үкіметтік сыртқы қарыз/грант есебіне жатқызуы тиіс);

3) төлемдерді жүзеге асыру тәртібі бұзылған жағдайда;

4) есеп-айырысу кезінде корпоративтік төлем карточкаларын пайдалануды регламенттейтін Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына өзгерістер енгізілсе;

5) ағымдағы қаржы жылының міндеттемелері мен төлемдері бойынша жеке қаржыландыру жоспарларында корпоративтік төлем карточкаларын пайдалануға рұқсат берілген шығыстардың экономикалық сыныптамасының ерекшеліктері болмағанда;

6) карт-шоттарға есептелген ақшаны карт-шотты ашуға берілген рұқсатта көзделмеген мақсаттарға пайдалану фактісі белгіленгенде.

61. Қазынашылық комитеті (бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті орган карт-шотты ашуға рұқсат берілген жағдайда) осы Ережеге 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шот ашуға рұқсатты қайтарып алуды жүзеге асырады. Рұқсатты қайтарып алу екі данада ресімделеді және екінші деңгейдегі банкке ( банк операцияларының жеке түрлерін жүзеге асыратын ұйымға) жіберіледі. Екінші деңгейдегі банк (банк операцияларының жеке түрлерін жүзеге асыратын ұйым) мемлекеттік мекеменің шотын жабу жөніндегі рәсімдерді аяқтаған соң рұқсатты қайтарып алудың екінші данасы шотты жабу туралы белгімен Қазынашылық комитетіне (бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органға карт-шотты ашуға рұқсат берілген жағдайда) қайтарады.

62. Қазынашылық комитеті және бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті орган карт-шотты ашуға рұқсатты қайтарып алған жағдайда екінші деңгейдегі банктің (банк операцияларының жеке түрлерін жүзеге асыратын ұйымның) карт-шотты жабу туралы белгісімен қайтарып алуды алған күннен бастап келесі жұмыс күнінен кештірмей тиісті қазынашылықтың аумақтық бөлімшесіне бұл туралы жазбаша хабар береді.

Мемлекеттік мекемелердің
шоттарын ашудың, жүргізудің
және жабудың ережесіне
1-қосымша

____________________________________________________

____________________________________________________

(Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті, бюджеттік атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті орган, Қазынашылық комитетінің аумақтық бөлімшесі)

________________________________________________

(бюджеттік бағдарламалар әкімшісі, бюджеттік атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті орган)

______ жылғы»"__"»_______________

**Мемлекеттік мекемелерге код беруге өтінім**

| Мемлекеттік мекеменің атауы | Ведомствалық тиістілік коды ( Қазақстан Республика. сының сәйкес) | Бюджет түрі | Салық органының коды (салық түсімдерін есепке алу арналған аумақ) | Экономика секторы |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |

кестенің жалғасы

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |

| Мемлекеттік мекеме басшысының аты-жөні | Мемлекеттік мекеменің бас бухгалтерінің аты-жөні | Мемлекеттік мекеме СТН | Мемлекеттік мекеменің заңды мекен-жайы, телефоны, факсі | Негіздеме ( мемлекеттік мекеме құрылуына негіз болған нормативті-құқықтық акт |
|---|---|---|---|---|
| 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |

Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің (бюджеттік атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органның) басшысы

________________ ________________
(қолы) (Аты-жөні)

Мемлекеттік мекемелердің шоттарын ашудың, жүргізудің және жабудың ережесіне

2-қосымша

Ескерту. 2-қосымшаға өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008.02.25 N 87 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

___________________________________________________________

(Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті, бюджеттік атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті орган)

______ жылғы»"___" ______________

**N ___ Рұқсат**

____________________________________ бюджеттен қаржыландырылатын (бюджет түрі)

___________________________________________________________

(мемлекеттік мекеменің атауы мен коды)

___________________________________________________________

(шоттың атауы (екінші деңгейдегі банкте шот ашуға өтініш ұсынған жағдайда екінші деңгейдегі банктің немесе банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын (шот ашуға рұқсат етілетін бас немесе филиалы) ұйымның атауы мен мекен-жайы қосымша көрсетіледі)

___________________________________________________________

(валютаның түрі көрсетіледі)"

___________________________________________________________

(бабын, бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің қолдаухатын, тармағын, тармақшасын көрсете отырып заңдылық актінің атауы мен қабылданған күні (сыртқы займ\грант туралы келісімнің атауы, нөмері мен күні, бюджеттік қаражат есебінен операциялар жүргізу үшін шетел

валютасында шот ашуға рұқсат беру кезінде бейрезидентпен жасалған шарт не мемлекеттік мекеме ережесінің (жарғысының) нөмері мен күні көрсетіледі))

________________________________________________________________

________________________________________________________________

шығындар бағытының мақсаттары ____________________________________

____________________________________________________________

________________ негізінде рұқсат етіледі.
Рұқсат ______ жылдың»"____" ____________ дейін жарамды.

Қазақстан Республикасы
М.О. Қаржы министрлігі
Қазынашылық комитетінің
(бюджеттік атқару жөніндегі
уәкілетті органның) басшысы _____________ _______________
(қолы) (Аты-жөні)

Рұқсат беруге жауапты ҚР ҚМ ҚК
құрылымдық бөлімшесінің (бюджетті
атқару жөніндегі жергілікті
уәкілетті органның) басшысы _ ____________ _______________
(қолы) (Аты-жөні)

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің белгілері
200__ж. "__" _____________ N _______ шот
______________ ________________
(қолы) (Аты-жөні)

Аумақтық қазынашылық бөлімшелерінің белгілері
200__ж. "__" _____________№N _______ шот
______________ ________________
(қолы) (Аты-жөні)

_____________________________________

' Рұқсат әрбір шотқа жеке жасалады, шетел валютасында шот ашуға рұқсат берілген жағдайда-валютаның әрбір түріне жасалады;

" Шетел валютасында шот ашуға және екінші деңгейдегі банкте ашылатын шотты (карт-шотты қоспағанда) рұқсат берілген жағдайда толтырылады

Мемлекеттік мекемелердің
шоттарын ашудың, жүргізудің және

жабудың ережесіне

3-қосымша

Ескерту. 3-қосымшаға өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008.02.25 N 87 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық бөлімшесіне

_____ жылғы»"___"»_____________

**қолма-қол ақшаны бақылау шоттарын ашуға арналған өтінім**

| Р/сN | Бюджеттік бағдарлама. лар әкімші. сінің атауы | Мемлекеттік мекеме | | Бюджеттің түрі | Қолма-қол ақшаның бақылау шотын ашу үшін негіздеме (рұқсаттың күні, N, мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер мен олар бойынша жүргізілген төлемдер бойынша операцияларды есепке алу үшін қолма-қол ақшыны бақылау шоты бойынша - тармақшаның, тармақтың, баптың нөмірін көрсете отырып, заңнамалық актінің атауы мен күні) |
|---|---|---|---|---|---|
| | | атауы | коды | | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| I. Мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер мен олар бойынша жүргізілген төлемдер бойынша операцияларды есепке алу үшін ҚБШ: | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| II. Мемлекеттік мекемелерге демеушілік, қайырымдылық көмектен түсетін түсімдер және олардың есебінен жүргізілген төлемдер бойынша операцияларды есепке алу үшін ҚБШ: | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| III. жеке немесе заңды тұлғаның мемлекеттік мекемеге алғашқы талап ету бойынша немесе қандай да бір мерзімнен кейін толық немесе бөліп-бөліп, алдын ала келісілген үстемесімен не онсыз, тікелей жеке немесе заңды тұлға қайтаруға не тиісті республикалық немесе жергілікті бюджеттерге берілуге тиіс болу-болмауына қарамастан, оларды номиналды түрінде қайтару талаптарымен беретін ақша бойынша операцияларды есепке алу үшін ҚБШ: | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |

Бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органның басшысы _________________ ___________________

(қолтаңбасы) (аты-жөні)

М. О.

Мемлекеттік мекемелердің шоттарын ашудың, жүргізудің және жабудың ережесіне

3-1-қосымша

Ескерту. 3-1-қосымшамен толықтырылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008.02.25 N 87 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

Аумақтық қазынашылық бөлімшесіне_________________________

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитетіне______
_______________________

Ақылы қызметтер бойынша қолма-қол ақшаны бақылау шоттарын ашуға арналған өтінім

| Р/cN | Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің атауы | Мемлекеттік мекеме | | Бюджеттің түрі |
|---|---|---|---|---|
| | | атауы | коды | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| | | | | |

кестенің жалғасы

| Орналасқан жері | СТН | Қаржыландыру көзі | Қолма-қол ақшаның бақылау шотын ашу үшін негіздеме (рұқсаттың күні, N, мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтер-ді) өткізуінен түсетін түсімдер мен олар бойынша жүргізілген төлемдер бойынша операцияларды есепке алу үшін қолма-қол ақшаны бақылау шоты бойынша - тармақшаның, тармақтың, баптың нөмірін көрсете отырып, заң-намалық актінің атауы мен күні) |
|---|---|---|---|
| 6 | 7 | 8 | 9 |
| | | | |

Мемлекеттік мекеменің басшысы _____________ ___________________
(аумақтық қазынашылық бөлімшесінің) (қолтаңбасы) (аты-жөні)

Мемлекеттік мекемелердің шоттарын ашудың жүргізудің және жабудың ережесіне

4-қосымша

Ескерту. 4-қосымшаға өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008.02.25 N 87 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті
_____________________________________________________________________

(бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің атауы мен коды)
_____ жылғы»"__"»__________________

**N ______ рұқсат**

______________________________________, бюджеттен қаржыландырылатын
(бюджеттің түрі)
_________________________________________________________________,
(мемлекеттік мекеменің атауы мен коды)
______________ ____________________ шетел валютасындағы шот бойынша
(шоттың ЖСК-сі)
_________________________________________________________________:
(валютаның түрі көрсетіледі)

1) [1] бюджет қаражатының есебінен айырбастауды, шетел валютасын аударуды жүргізуге _________________________________________________
_________________________________________________________________
(тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) сатып алуға арналған шарттың нөмірі мен күні) (бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің қолдаухаты немесе мемлекеттік мекеменің ережесі (жарғысы) шығыстар бағытының мақсаты ________________________________________
_________________________________________________________________;

2) [2] мынаның ________________________________________________________
_________________________________________________________________
_________________________________________________________ негізінде
(тармақшаның, тармақтың, баптың нөмірін көрсете отырып, заңнамалық актінің атауы мен күні)
____________________ түрінде түскен шетел валютасын есепке жатқызуға
_________________________________________________________________
(қаржыландыру көздері)
және кейіннен теңгемен алынған соманы тиісті ҚБШ-ға есепке жатқыза отырып шетел валютасын қайта айырбастауды жүзеге асыруға рұқсат беріледі.

ҚР Қаржы министрлігі
Қазынашылық комитетінің басшысы ___________ _____________
М.О. (қолтаңбасы) (аты-жөні)

Рұқсаттарды беруге жауапты
ҚР ҚМ ҚК құрылымдық
бөлімшесінің басшысы ____________________ ___________________
(қолтаңбасы) (аты-жөні)

______________________________

[1] Бюджет қаражатының есебінен шетел валютасымен операцияларды жүргізу үшін толтырылады;

[2] бюджет қаражатын қоспағанда, түсімдер есебінен шетел валютасымен операцияларды жүргізу үшін толтырылады.

Мемлекеттік мекемелердің шоттарын ашудың, жүргізудің және жабудың ережесіне 5-қосымша

_______________________________________________________________

(Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті (Қазынашылық комитетінің аумақтық бөлімшесі))

_____ жылғы»"__"»___________________

**N№______ рұқсат**

| Р/с N | Мемлекеттік мекеменің коды | Мемлекеттік мекеменің бұрынғы атауы | Мемлекеттік мекеменің жаңа атауы | Өзгерістер енгізу негіздемесі |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |

Республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің (бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органның) басшысы ____________________ ____________________
(қолтаңбасы) (аты-жөні)

Мемлекеттік мекемелердің шоттарын ашудың, жүргізудің және жабудың ережесіне 6-қосымша

Ескерту. 6-қосымшаға өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008.02.25 N 87 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

**Қолдар мен мөр бедерінің үлгілері**

| | |
|---|---|
| Мемлекеттік мекеме (ұйымдық-құқықтық нысан және атауы), мемлекеттік мекеменің коды | |
| Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері (құрылтай құжаттарында көрсетілген оның толық почталық мекен-жайы, нақты мекен-жайы, телефоны) | |
| | |

| | |
|---|---|
| Қолма-қол ақшаны бақылау шотының (шоттың) жеке сәйкестендіру коды | |
| Қазынашылық комитетінің аумақтық бөлімшесінің орналасқан жері | |

Осы құжатта көрсетілген қолдар мен мөр бедерінің үлгілерін _______________________________________________________________________ _______________________________________________________________ есебінен (қаржыландыру көздері көрсетілсін) мемлекеттік мекеменің _________________________________________________ _______________________________________________________________________ ______________________________________________________________ жөніндегі (операция түрлері көрсетілсін (шарттарға, азаматтық-құқықтық мәмілелерді тіркеуге арналған өтінімдерге, хабарламаларға, төлеуге берілген шоттарға және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында көзделген басқа да құжаттарға қол қоюға) операцияларын жүзеге асыру кезінде міндетті болып саналсын.

| Атқаратын қызметі | Аты-жөні | Қолдардың үлгілері | Қолданылу мерзімі (қолды уақытша ауыстыру кезінде) | Мемлекеттік мекеменің елтаңбалы мөрі бедерінің үлгісі |
|---|---|---|---|---|
| Бірінші қол қою: | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| Екінші қол қою: | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |

кестенің жалғасы

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Бюджеттік бағдарламалар әкімшісі басшысының немесе м | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің атауы | /м уәкілетті тұлғаларының қолдары үлгі. лерін растайтын өзі уәкілеттік берген тұлғаның аты-жөні | Қолдар мен м/м елтаңбалы мөрі бедерінің үлгілері куәлігінің күні | Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің үлгілерді және елтаңбалы мөрінің бедерін куәландыратын тұлғаның қолы |
| | | | (қолы) |
| | | | (мөр бедері) |

*Келесі беті*

**Нотариустың куәландыратын жазбасы**

Мен, нотариус

________________________________________________________________________

________________________________________________________________________,

(аты-жөні, орналасқан жері)

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі»"______" ___________ жылғы N _______ берген лицензияның негізінде әрекет ететін, азаматтар

________________________________________________________________________

________________________________________________________________________

________________________________________________________________________

(аты-жөні)

менің қатысуымен қойған қолдарының растығын куәландырамын. Құжатқа қол қойғандардың жеке тұлғасы анықталған. Тізілімде N ____________. тіркелген _____________ теңге мемлекеттік баж өндіріп алынды.

"____"»_____________ _____ж.

М. О.

Нотариус ___________________ ____________________________________

(қолы) (Аты-жөні)

қолдар мен мөр бедерлерін қабылдау туралы аумақтық қазынашылық бөлімшесінің белгісі: 200__ж. "__" __________

______________ ___________________

(қолы) (Аты-жөні)

Мемлекеттік мекемелердің шоттарын ашудың, жүргізудің және жабудың ережесіне

6-1-қосымша

Ескерту. 6-1-қосымшамен толықтырылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008.02.25 N 87 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

_______________________________________________________________

(Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті, бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті орган, Қазынашылық комитетінің аумақтық бөлімшесі)

_______________________________________________________________

(бюджеттік бағдарламалар әкімшісі, бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті орган)

__________жылғы "___" _______________

**Мемлекеттік мекемелер кодтарының қолданылуын тоқтатуға өтінім**

| Мемлекеттік мекеменің атауы | Ведомстволық тиістілік коды (Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасына сәйкес) | Бюджет түрі | Салық органының коды (салық түсімдерін есепке алу үшін өңірдің) |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| | | | |

кестенің жалғасы

| Экономика секторы | Мемлекеттік мекеменің СТН-і | Мемлекеттік мекеменің заңды мекен-жайы, телефоны, факсі | Кодтардың қолданылуын тоқтату үшін негіздеме |
|---|---|---|---|
| 5 | 6 | 7 | 8 |
| | | | |

Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің (бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органның) басшысы __________ _______________________

(қолы) (Аты-жөні)

Мемлекеттік мекемелердің шоттарын ашудың, жүргізудің және жабудың ережесіне 7-қосымша

_______________________________________________________________

(Қазынашылық комитетінің аумақтық бөлімшесінің атауы)

_______________________________________________________________

(бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің атауы және коды)

**Өтініш**

"__" _______________ ________ жылғы

бюджеттен қаржыландырылатын _______________________________________

(бюджеттің түрі)

_______________________________________________________________,

(мемлекеттік мекеменің атауы және коды)

___________________________________________________________________________

___________________________________________________________________________

________________________________________________________________ негізінде

(ҚБШ-ны, шотты жабуға негіз көрсетіледі)

___________________________________________________________________________

___________________________________________________________________________

___________________________________________________________________________

_________________________________________________________________ сұрайды.

(ЖСК және ҚБШ, шот атауы)

Б а с ш ы

Мемлекеттік мекеменің _____________ ______________________

(қолы) (Аты-жөні)

М.О.

Қолма-қол ақшаны бақылау шотын (шотты) жабу туралы белгі

______________________________________»"__"»_________ ____ жылы жабылды

(қолма-қол ақшаны бақылау шотының, шоттың атауы және ЖСК)

Қазынашылық комитетінің

аумақтық бөлімшесінің басшысы _____________ _____________

(қолы) (Аты-жөні)

Мемлекеттік мекемелердің шоттарын ашудың,

жүргізудің және жабудың ережесіне

8-қосымша

___________________________________________________________________________

(екінші деңгейдегі банктің (банктік қызметтердің жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның) атауы)

**N ____ рұқсатты қайтарып алу**

"__"»_____________ _________ жылғы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті

___________________________________________________________________________

___________________________________________________________________________

____________________________________________________________ байланысты

(қайтарып алудың негізі көрсетіледі)

___________________________________________________________________________

_________________________________________________________________ берген

(екінші деңгейдегі банкте немесе банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымда шот ашылған мемлекеттік мекеменің атауы және коды)

"___"»_________ ________ жылғы N ______ рұқсатты қайтарып алады.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің басшысы _______________ _____________
(қолы) (Аты-жөні)

М.О.

Рұқсатты беруге жауапты ҚР ҚМ ҚК аумақтық бөлімшесінің басшысы ____________________ _____________________
(қолы) (Аты-жөні)

Екінші деңгейдегі банктің (банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның) белгісі

N ________________ шот»"_____"»______________ жылы жабылды Рұқсатты қайтарып алу күніндегі жағдай бойынша шоттағы қалдық __________________________________________________________________________ __________________________________________________________________________ _____________________________________________________________ сомада
(санмен және жазбаша, валюта түрі)
"____"»______________ ______ жылғы N ________ төлем тапсырмасының негізінде ___________________________________________________ аударылды.
(шоттың атауы және ЖСК)

Екінші деңгейдегі банктің (банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның) басшысы _____________ _________________
(қолы) (Аты-жөні)

М.О.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК